

# Жылдың үздік мектебі



**Апекова Калзат Жүсіпбекқызы,**  
С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта  
мектеп-интернатының директоры.  
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы.

Мектеп, білім, ұстаз деген ұлы сөздер бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл сөздердің құдіретін ұға білу де парыз. Шәкірттері білімді, дарынды, алтын ұя мектеп жайлы мақтанышпен айта аламыз. Мектеп – елдің мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жандарды тәрбиелейтін киелі де, қасиетті ұя. Сол мектептің бірі, 2011 жылы қыркүйек айында сол кездегі облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың қатысуымен №1 жалпы орта мектеп-интернаты пайдалануға берілді.

Білім ордасы аз уақыт ішінде облыстық, республикалық деңгейдегі өткен білім саласы жағынан болсын, әр түрлі мәдени шараларда болсын жоғарғы көрсеткіштерге ие болғаны үшін марапатталды. Мектеп заманауи талаптарға сай, өзгелермен терезесі тең білім ордасы. Мектеп ұстаздарының арқасында түлектерінің білімділігі мен шығармашылығының нәтижесінде білім ордасы алдыңғы қатарда келеді. Мектептің осы күндері

мәртебесі биіктеп, түлектері көптеген беделді оқу орындарына түсіп, өнерлі жастары өркендеп өсуде.

Мектепке 2018 жылы Кеңес Одағының батыры Садық Әбдіжаппаровтың аты беріліп, қаншама шәкірттерді тәрбиелеп, үлкен өмірге жолдама берді. Қазіргі таңда мектепте 137 мұғалім жұмыс жасауда. Оның 3 педагог-шебер, 34 педагог-зерттеуші, 37 педагог-сарапшы, 22 педагог-модератор. Мектепте 1000-нан аса бала оқып, тәрбие алууда.

Дәстүрге сай жыл қорытындысы бойынша ең үлкен марапат «Жылдың үздік мектебі-2020» номинациясымен мектебімізді аудан әкімі Е.Шәріпбеков марапаттады. Бұл әрине мектеп директоры Апекова Калзат Жүсіпбекқызы бастаған әрбір ұжым мүшелерінің толағай еңбектерінің арқасы. Ауданға қарасты 50 мектеп ішіндегі үздік болу біз үшін үлкен мәртебе.

Мектеп директоры Калзат Жүсіпбекқызы ұжымды үнемі жақсы істерге жұмылдырып, адамгершілік құндылықтарды ұстаздар мен шәкірттердің бойына дарыта отырып ұжымдағыларға жағдай жасап, талап қоя білетін ұлағатты ұстаз. Бір мақсатқа жұмылған бірлігіміздің арқасында талай белестерді бағындырдық.

Мектебіміздің білікті ұстаздары мен білімді оқушылары көптеген байқаулармен сайыстарға, олимпиада мен конференцияларға қатысып ұжым абыройын асқақтатты. Өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде қосқан үлесі үшін химия пәнінің мұғалімі Ұ.Қалдыбаева, орыс тілі пән мұғалімдері Р.Салимова мен Р.Молдаханова, директордың бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары А.Мықтыбекова ҚР Ғылым және білім министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

2020 жылдың қаңтар айында өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне қатысқан 26 оқушының ішінде 20 оқушы жүлделі орындармен марапатталып, 6 оқушы облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қатысқан 10 сынып оқушысы Әскербек Жансая 3-орын, химия пәнінен қатысқан 10-сынып оқушысы Кеңес Бейбарыс 3-орын, биология пәнінен Әскербек Аяна мен құқық пәнінен 11-сынып оқушысы Мырзаханқызы Назерке «Жас талап» номинациясымен марапатталды. Тарих пәнінен қатысқан 9-сынып оқушысы Кеңес Мерей 1-орынмен марапатталып, олимпиаданың республикалық кезеңіне жолдама алды.



Оқушыларымыздың жетістікке жетуі ұстаздарымыздың ерен еңбегінің жемісі.

Мектеп ашылғаннан бері оқуда озат, спортта, өнерде озып шыққан оқушыларға оқу жылының әр жарты жылдық қорытындысы бойынша Бәйдібек ауданының үлгілі отбасы Шардарбековтер әулетінің ұйымдастыруымен тағайындалған «Қалыш ана» степендиясы берілуде. Бұл степендияның тағайындалуы оқушылардың оқуға, спортқа, өнерге деген ынталарын арттыруда.

2020 жылы мектебімізде үш облыстық және бір аймақтық семинар өткізілді. «Отбасылық тәрбие баланың әлеуметтендірудегі басты факторы» тақырыбында өзін-өзі тану пәнінен облыстық семинарда үлгілі сабақтарын беріп өз тәжірибелерімен бөліскен пән мұғалімдері Омарбекова Айгерім мен Сатыбалды Мөлдір Түркістан облысының білім басқармасы облыстық әдістемелік орталықтың мадақтамасымен марапатталды.



«Бастауыш сыныпта оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақта тиімді пайдалану – сапалы білім негізі» тақырыбымен бастауыш сыныптардың облыстық тәжірибелік семинары өткізілді. Семинарға Түркістан облыстық әдістемелік орталықтың әдіскері Жолдасбекова Жайна Қожаахметқызы, Кентау, Түркістан, Ордабасы, Отырар, Созақ аудандарының шығармашылық топ мүшелері мен ұстаздары қатысты. Өз тәжірибелерімен бөліскен мектеп ұстаздарының сабақ үлгілері мен іс-тәжірибелері облыс көлемінде таратылды. Семинар жұмысын ұйымдастырудағы еңбегі үшін мектеп директоры Калзат Жүсіпбекқызы облыстық әдістемелік орталықтың «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Семинарда директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Т. Арынбекова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Айдарбекова, сабақ берген бастауыш сынып мұғалімдері Р. Билмаханбетова, К. Мутабаева, С. Байдуашова, А. Әбіханова, К. Аблаева, А. Суйнбекова, Г. Қартбай, А. Алхатова, М. Жолдасбекова, А. Омарбекова, Г. Сазекова және ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г. Бекеева, Я. Утелбаев, Г. Ерданова, Ұ. Нүсіпова облыстық әдістемелік кабинетінің мақтау қағазымен марапатталды.

«Ағылшын тілі және жаратылыстану, математикалық бағытындағы пәндерді кіріктіріп оқытуда оқушылардың білімін бағалау» тақырыбындағы облыстық-аймақтық тәжірибелік семинарда химия пәнінің мұғалімі Б. Бимбетова өз тәжірибесімен бөлісті. Түркістан облыстық әдістемелік орталықтың мадақтамасымен марапатталды.

2020 жылы облыстық пәндік олимпиадада Г. Сейдахметова 3-орын, «Жас маман 2020» облыстық байқауында А. Абдираманова, А. Төребекова 3-орын иеленді. «Педагогикалық дебют» облыстық байқауында ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ж. Сапарова 2-орын, «Өнерлі ұстаз» облыстық байқауында А. Көлшікбаева 2-орын иеленді.

2020-2021 оқу жылында 5-6 сынып оқушылар арасында өткен пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінде қазақ тілі әдебиеті пәні бойынша 6-сынып оқушысы Қожабек Ақбота 1-орын алып, республикалық кезеңге өтіп «Алғас хатпен» марапатталды.

2020-2021 оқу жылында Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен пәндік олимпиадада «Бас жүлде» және «Үздік педагог» төсбелгісімен қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімдері Г. Сейдахметова, С. Аязова, А. Айтаханова, бастауыш сынып мұғалімдері

Г. Джумансейтова, Ұ. Нүсіпова, Г. Қартбай, Ғ. Орынбаева марапатталды.

Бірінші орынды қазақ тілі пән мұғалімдері Ф. Туленова, А. Әділбекова, бастауыш сынып мұғалімдері Ұ. Сапарбаева, А. Суйнбекова, Г. Байсариева, Ж. Рахымбергенова, Р. Билмаханбетова, Г. Сазекова алды. Екінші орынды қазақ тілі пән мұғалімі К. Кәрібаева, ағылшын тілі пән мұғалімі Г. Керейбаева иеленсе 3-орынды қазақ тілі пән мұғалімдері Ж. Еркебаева, А. Абдираманова иеленді.

«Педагогтың кәсіби шеберлігін арттыру білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу факторы» озық тәжірибелі педагогтер слетінде әдістемелік жұмыстың үздік үлгісі жұмыс бағыты бойынша жүлделі ІІ орынды иеленгені үшін бастауыш сынып мұғалімі Билмаханбетова Рабиға «Мадақтамамен» марапатталды.

Мектептегі тәрбие саласы бойынша атқарылып жатқан бірқатар істерге тоқталып өтсек, аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Тәрбие ісінің үздігі» аудандық байқауында І орынды директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Айдарбекова иеленді. «Қашықтықтан оқытуда ата-анамен жұмыс» тақырыбында сапалы баяндама жасағаны үшін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Туреханова Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту орталығының мадақтамасымен марапатталды.

Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасында өткен «Жаңа жұлдыз – 2020» өнер байқауында «Хореография» жанры



бойынша мектептегі гимнастика үйірмесінің оқушылары 1-орын иеленді. Үйірме жетекшісі М. Өскенбаева.

Мектеп кітапханасы – мектептің жүрегі. Мектеп кітапханасының қорында 24543 кітап бар. Оның 21725-і оқулықтар, көркем әдебиеттер саны - 2818.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде» облыстық байқауда мектеп оқушысы Қуандық Ақерке 1-орынды жеңіп алып, Республикалық кезеңге қатысып Қостанай қаласында өткен сайыста 1-орынды иеленді. Жетекшісі кітапхана меңгерушісі Г. Келесбаева.

Шәкірт бойында оянған білім құштарлығы жаңа тұтанған



шырақ секілді. Ең бастысы осы шырақты сөндіріп алмау. Сонда ғана ол лаулаған жалынға айналары сөзсіз. Мектебіміздің әрбір ұстазын оқушыларының бойындағы білімге деген құштарлықтан туған осынау шырақты жалынға айналдыра білуге шақырамыз. Тынымсыз еңбек етіп, толассыз ізденістен жалықпай, табысқа жетіп, абырой биігінен көріне берейік.



# Б Б ДЫБЫСЫ ЖӘНЕ ӘРПІ

Ұлтусын САПАРБАЕВА,  
С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы  
орта мектеп-интернатының  
бастауыш сынып мұғалімі.  
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы.

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану. 1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау. 1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақ қою, қойылған сұраққа жауап беру. 1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әрпін элементтерін каллеграфиялық талаптарға сай жазу.	
Сабақ мақсаттары	<b>Барлық оқушылар:</b> Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдана алады. <b>Көптеген оқушылар:</b> Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстай алады. <b>Кейбір оқушылар:</b> Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақ қойып, қойылған сұраққа жауап бере алады.	
Бағалау критерийлері	Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолданады. Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстайды. Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақ қойып, қойылған сұраққа жауап береді.	
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Бақбақ, асқабақ, балық, болат, бор. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: - Б дыбысы қандай дыбыс деп ойлайсыңдар? Неліктен? - Б дыбысы бар сөздерден қандай сөйлемдер құрауға болады? - Бор неден жасалады?	
Құндылықтарды дарыту	Мәңгілік Ел-3.Зайырлы қоғам және жоғары руханият. Зайырлы қоғамның білімді ұрпағын тәрбиелеу	
Понаралық байланыс	Дүниетану, математика, бейнелеу	
АКТ қолдану дағдылары	<a href="https://www.google.kz/cypettep">https://www.google.kz/cypettep</a> <a href="https://kaztube.kz/video/121666">https://kaztube.kz/video/121666</a> - мультфильм «Ғажайыпстанға саяхат»	
Бастапқы білім	Дауыссыз ж мен п дыбыстары туралы біледі.	
<b>Сабақбарысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы</b> 5минут	(Ұ)Ширатуға арналған жаттығу арқылы сабақ тақырыбымен таныстыру мақсатында оқушылардың назарын «Алтын балық» мультфильміне аудару. Интерактивті тақтадан мультфильм арқылы визуалды көру және тыңдалым дағдысын дамыта отырып, бағыт бағдар беруші ашық сұрақтар қойылады. Сол арқылы сабақ тақырыбы ашылады.	<a href="https://www.google.kz">https://www.google.kz</a> «Алтын балық» ертегісінен үзінді. <a href="http://www.kaztube.video.kz">www.kaztube.video.kz</a>
<b>Сабақтың ортасы</b> 5минут	<b>1-тапсырма.</b> Айтылым және тыңдалым. (МК.Ұ) Есте сақтау. Фонетикалық қабылдау және шапшаңдыққа баулу мақсатында «Кел, ойнайық!» әдісін пайдалану. Оқушылар Б әріпінен басталған сөздерді қайталайды.Сол сөздерді қатыстыра отырып, сөйлем құрастырады. <b>Дескриптор:</b> - Б дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды; - сөздерді қайталайды; - сөздегі өзгерген дыбысты анықтайды; - сөзді қатыстырып дұрыс сөйлем құрастырады; ҚБ: Алтын балық	Әріптер, сөздер 
<b>10минут</b>	<b>2-тапсырма :</b> Оқулықпен жұмыс (Ұ) Оқушыларды жаңа материалмен таныстыра отырып, түртіп алу әдісімен мәлімет жинауға, саралауға, бағалауға «INSERT» әдісін пайдалану. Оқушылар оқулықта берілген «Бор неден жасалады?» мәтінмен танысады. Мәтін негізінде ашық сұрақтарға жауап береді. - Мәтін кімдер жайлы, не туралы айтылған? - Бор неден жасалады? - Саған кімнің сөзі ұнады деп ойлайсың? <b>Дескриптор:</b> - мәтінді оқып шығады; - сұрақтарға жауап береді; - өз ойын тұжырымдап айтады; ҚБ: Түрлі- түсті борлар	Конверт, кима қағаздар, үлестірме парақшалар 
<b>2 минут</b> <b>8 минут</b>	<b>3-тапсырма.</b> Саралау жұмысы. (МК.Т) Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, өнерлік қабілетімен зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісін пайдалану. 1-топ: Рөлге бөлініп оқу. 2-топ: Сахналық қойылым қою. 3-топ: Бор неден жасалады? –деген сұрағына жауап іздейді (зерттейді, ізденеді, ойланады) <b>Дескриптор:</b> - рөлге бөлініп оқиды; - сахналық қойылым қояды; - іздейді, зерттейді, ойланады; ҚБ:	 A 4 парағы, 
<b>3минут</b>	<b>4-тапсырма.</b> Жазылым (МК.Ұ) Оқушылардың қатесіз көркем жазу генетикалық әдісін тиімді пайдалану мақсатында «Сұлулық әлеміне саяхат» әдісін пайдалану. - Б дыбысы бар сөздерді жазу - Б дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасау <b>Дескриптор:</b> -Б дыбысы бар сөздерді жазады -Б дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасайды. ҚБ: «Балмұздақ»	Мәтін. Тас, бор Балалар энциклопедиясы, планшет <b>Сюжетті суреттер</b>
<b>5 минут</b>	<b>5-тапсырма.</b> (Ж) Сөздегі дыбыстардың түрлерін (дауысты, дауыссыз және жуан, жіңішке дауыстылар) анықтап дыбыстарды дұрыс айту дағдысын қалыптастыру мақсатында «Фонетикалық талдау» әдісін ұйымдастыру. 1-т: дыбыстарды дұрыс айту және әріптерден сөздер құрастыр. 2-т: балық, бақбақ сөздеріне дыбыстық талдау жаса. 3-т: сөздердің құрылымын анықтап, сөйлем құрастыр. <b>Дескриптор:</b> - дыбыстарды дұрыс айтады, - бағыт бойынша сөздерді оқиды, - дыбыстық талдау жасайды, -сөздердің құрамын анықтайды, -сөйлем құрастырады <b>Бағалау:</b> Төсбелгі.	<a href="https://kaztube.kz/video/121666">https://kaztube.kz/video/121666</a> -мультфильм «Ғажайыпстанға саяхат» A 4 парағы, маркер, балық, бақбақ сөздері жазылған кима қағаздар Төсбелгі суреті
<b>Сабақтың соңы</b> 2минут	<b>Кері байланыс:</b> Оқушыларға мидың суреті салынған қағаз беріледі. Сабақ кезінде меңгерген білімдерін көрсету мақсатындағы «Миыңның суретін сал» әдісін пайдалану. Оқушылар мидың суретіне стикерлер әкеліп жабыстырады.	Постер, стикер 
<b>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырасыз?</b>	<b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b>	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
<b>1-т:</b> дыбыстарды дұрыс айту және әріптерден сөздер құрастыр. <b>2-т:</b> балық, бақбақ сөздеріне дыбыстық талдау жаса. <b>3-т:</b> сөздердің құрылымын анықтап, сөйлем құрастыр.	Алтын балық, түрлі- түсті борлар, балмұздақ, балапан, бота, көбелек, төсбелгі (суреттерімен бағалау) <b>Кері байланыс:</b> <b>«Миыңның суретін сал»</b>	Топ ішінде қауіпсіздік ережесін сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.	
<b>Жалпы баға.</b> Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1:2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)? 1:2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?		